



Lorem Ipsum Dolor

Пхансори

Пхансори (판소리)

- ❖ Пхансори - Музыкалық-драмалық жанр
- ❖ XVII ғ. Чолладо провинциясында халық өнері ретінде пайда болды.
- ❖ Онда бір актер барабанның сүйемелдеуімен мәтінді айтып драмалық көріністі орындайды.
- ❖ Алғашында 12 пхансори болғанымен, бүгінгі күнге жеткені - «Чхунхянга», «Симчхонга», «Хынбуга», « Чонбёкга», «Сугунга».



Сориккун (소리꾼) Косу (고수)



Син джэ хё (신재효)

- ❖ Син джихё (1812-1884) астаналық провинция Кёнгиден шыққан. Ол емтихандарды табысты тапсырып, шен иесі мансабына көтеріледі, сарайға жақын болады, алайда мемлекеттік қызмет ол үшін онша қызық болмаған екен. Мансап туралы ойын шығармашылыққа деген қызығушылық жеңіп, ақырында қызметінен кетеді. Син Чэхё алғашында өлеңдерін ханмунмен жазады, кейіннен өзінің бала кезіндегі құмартқан ісі – барабанның сүйемелдеуімен халық әндерін орындаумен айналысады. Ол *квандэ* халық актерларына қолдау көрсетіп, тіпті орындау шеберлігі мектебін ұйымдастырады. Бұл мектептен талай танымал әншілер шыққан, ең бастысы ол *квандэ* әншілік өнеріне әйелдер мен балаларды да үйретеді. Мысалы, *Чхунхян ка* Чхунхян туралы жырды әйелдер, ерлер мен балалар орындауы үшін қайта өңдейді.



Чон джи хё алты *пхансори*дің авторы:

- ❖ *Чхунхян ка* «Чхунхян туралы жыр»
- ❖ *Сим Чхон ка* «Сим Чхон туралы жыр»
- ❖ *Тхо пёльга* «Қоян туралы ерекше жыр»
- ❖ *Чокпёк ка* «Қызыл қорған туралы жыр»
- ❖ *Пак тхарён* «Асқабақ туралы жыр»
- ❖ *Пёнгансве ка* «Шеттетілген туралы жыр»

Пхансоридің әдеби сюжетінің құрылымы

Пхансоридің әдеби сюжетінен анағұрлым маңызды эпизодтарды бөліп қарастыруға болады, әр эпизод екі бөлікке бөлінеді: жағдайға сипаттама берілген кіріспе бөлім – *анири*, одан кейін – оқиғаның өзін мазмұндау бөлімі (кіріспе прозамен, оқиға каса стилінде мазмұндалған). Оқиғаның өзі мазмұндалған бөлімде қандай метрикалық өлшеммен берілген үзіндіні айту керектігі де көрсетілген. Мысалы, *чунмори* – 8/12 өлең өлшемі, *чунчунмори* – сол өлшем, бірақ шапшаңырақ, *чачжынмори* – өте жылдам шапшаңдықпен.





Пхансори стиліндегі опера Чхангыктың модернизациялануы

